



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Сәуір 2024

2024 жылғы сәуірде жылдық инфляция 8,7%-ды құрады (наурызда – 9,1%). Азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарларға бағаның жылдық мәнде өсуі тиісінше 6,3%-ға дейін (наурызда – 6,9%) және 7,6%-ға дейін (наурызда – 8,2%) баяулады. Ал ақылы көрсетілетін қызметтерге 13,5%-ға дейін (наурызда – 13,2%) жеделдеді.

Өңірлер бөлінісінде жылдық инфляция 15 өңірде баяулады. 4 өңірде жеделдеп, 1 өңірде өзгеріссіз қалды. Жалпы республикалық деңгейден жоғары жылдық инфляция 11 өңірде қалыптасты. Инфляцияның ең жоғарғы мәні Қарағанды (10,6%) және Маңғыстау (10,5%) облыстарында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 сәуір – 2024 сәуір), %-бен

Қарағанды	16,9	10,6
Маңғыстау	19,1	10,5
Шығыс Қазақстан	16,7	9,6
Астана қ.	17,6	9,5
Солтүстік Қазақстан	17,9	9,5
Жетісу	17,7	9,3
Алматы қ.	16,4	9,1
Ақмола	17,6	9,0
Павлодар	17,8	9,0
Атырау	16,9	8,9

Шымкент қ.	16,0	8,8
Қазақстан Республикасы	16,8	8,7
Ақтөбе	17,0	8,6
Қостанай	16,9	8,4
Ұлытау	17,5	8,2
Абай	16,4	8,1
Жамбыл	15,7	8,1
Батыс Қазақстан	17,6	8,1
Қызылорда	16,8	7,9
Түркістан	15,7	7,1
Алматы	16,0	6,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Азық-түлік тауарлары Қазақстанда ел бойынша қалыптасқан деңгейден (6,3% ж/ж) жоғары – Ұлытау облысында (9,9%), Алматы қаласында (8,2%), Жетісу (8,1%), Ақмола (7,8%), Шығыс Қазақстан (7,7%), Маңғыстау және Солтүстік Қазақстан (7,3%-дан), Жамбыл (6,9%) және Батыс Қазақстан (6,5%) облыстарында қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы елдегіден (7,6% ж/ж) жоғары – Маңғыстау (13,5%), Қарағанды (9,5%), Батыс Қазақстан (8,8%) облыстарында, Шымкент қаласында (8,7%), Ақмола және Қостанай (8,1%-дан), Қызылорда (7,9%) облыстарында, Астана қаласында және Түркістан облысы (7,8%-дан) мен Жамбыл (7,7%) облысында өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы жалпы республикалық деңгейден жоғары (13,5% ж/ж) мына өңірлерде: Ақтөбе (17,5%), Павлодар (17,4%), Қарағанды (17,3%), Атырау (16,6%), Солтүстік Қазақстан және Жетісу (16,1%-дан), Шығыс Қазақстан (15,3%), Абай (15,0%) облыстарында, Астана мен Шымкент қалаларында (14,0%-дан) өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы көрсетілетін қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	6,3	7,6	13,5
Ақмола	7,8	8,1	12,2
Ақтөбе	4,4	6,6	17,5
Алматы	4,7	5,2	11,3
Атырау	6,2	7,6	16,6
Батыс Қазақстан	6,5	8,8	10,3
Жамбыл	6,9	7,7	12,0
Қарағанды	6,2	9,5	17,3
Қостанай	5,9	8,1	11,9
Қызылорда	6,2	7,9	11,0
Маңғыстау	7,3	13,5	12,2
Павлодар	5,3	6,8	17,4
Солтүстік Қазақстан	7,3	7,4	16,1
Түркістан	4,5	7,8	11,8
Шығыс Қазақстан	7,7	7,2	15,3
Астана қ.	4,8	7,8	14,0
Алматы қ.	8,2	6,8	11,8
Шымкент қ.	5,1	8,7	14,0
Абай	5,8	5,6	15,0
Жетісу	8,1	5,8	16,1
Ұлытау	9,9	6,0	8,3

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы сәуірде елде айлық инфляция 0,6% болды. Бұл тарихи орташа мәнгеⁱ (2017-2021 жылдардағы сәуірде 0,6%) сәйкес келеді. Айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні Жетісу облысында (1,1%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы сәуірдегі айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы сәуірдегі орташа мән	2024 жылғы сәуір	Өңірлер	5 жылғы сәуірдегі орташа мән	2024 жылғы сәуір
Қазақстан Республикасы	0,6	0,6	Қызылорда	0,7	0,6
Жетісу	-	1,1	Солтүстік Қазақстан	0,6	0,6
Маңғыстау	0,7	1,0	Астана қ.	0,7	0,6
Ақмола	0,6	0,9	Ақтөбе	0,4	0,5
Батыс Қазақстан	0,5	0,7	Жамбыл	0,6	0,4
Қостанай	0,7	0,7	Алматы қ.	0,7	0,4
Шығыс Қазақстан	0,5	0,7	Шымкент қ. ⁱⁱ	0,9	0,4
Ұлытау	-	0,7	Павлодар	0,5	0,3
Алматы	0,6	0,6	Түркістан	0,5	0,3
Атырау	0,7	0,6	Абай	-	0,3
Қарағанды	0,8	0,6			

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы (2019-2021 жж.) орташа мән